

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
2023 ж. « 13 » 10 заңды
тулға мемлекеттік тіркеуден қайта өткізілді
№ 3157-1910-02-ГҮ куәлік
Алғашқы тіркелген күні 2001 ж. « 01 » 01
министерство юстиции республики казахстан
произведена государственная перерегистрация
юридического лица « 13 » 10 2023 г.
свидетельство № 3157-1910-02-ГҮ
Дата первичной регистрации « 01 » 01 2001 г.
БСН/БИН 01024002470

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрінің
2023 жылғы «02» мазас
№ 389-Н/0 ұйырығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің
«Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы»
республикалық мемлекеттік мекемесінің

ЖАРҒЫСЫ

Алматы қаласы, 2023 жыл

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Академия) функцияларын жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.

2. Академия Қазақ КСР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің 1977 жылғы 13 желтоқсандағы № 1119 бұйрығымен Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының театр факультеті негізінде 1978 жылдың 1 маусымынан бастап Алматы мемлекеттік театр-көркемсурет институты ретінде құрылды.

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1989 жылғы 9 қаңтардағы № 13 қаулысына сәйкес Алматы мемлекеттік театр-көркемсурет институтына Т. Қ. Жүргенов есімі берілді.

«Қазақ мемлекеттік көркем сурет академиясын ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 мамырдағы № 413 қаулысына сәйкес Республикалық көркемсурет колледжі мен Т. Жүргенов атындағы Алматы мемлекеттік театр-көркем сурет институтының көркем сурет факультеттерінің негізінде Қазақ мемлекеттік көркем сурет академиясы ұйымдастырылды.

«Алматы мемлекеттік театр және көркем сурет институтын қазақ мемлекеттік театр және кино институты етіп қайта құру туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 мамырдағы № 414 қаулысына сәйкес Т. Жүргенов атындағы Алматы мемлекеттік театр және көркем сурет институты Т. Жүргенов атындағы Қазақ мемлекеттік театр және кино институты болып қайта құрылды.

«Қазақстан Республикасында білім мен ғылымды интеграциялау жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 ақпандағы № 236 қаулысына сәйкес «Қазақ мемлекеттік көркем-сурет академиясы» және «Т. Жүргенов атындағы қазақ мемлекеттік театр және кино институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын біріктіру жолымен «Т. Жүргенов атындағы Қазақ мемлекеттік өнер академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта құрылды.

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жекелеген білім беру ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 қарашадағы № 1782 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Т.Жүргенов атындағы Қазақ мемлекеттік өнер академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «Т.Жүргенов атындағы Қазақ мемлекеттік өнер академиясы» мемлекеттік мекемесі болып қайта ұйымдастырылды.

«Жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарын қайта атау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 маусымдағы № 892 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Т.Жүргенов атындағы Қазақ мемлекеттік өнер академиясы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» мемлекеттік мекемесі болып қайта аталды.

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы №1440 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталды.

«Республикалық мемлекеттік заңды тұлғалардың кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясы туралы» 1998 жылғы 21 сәуірдегі № 368 және «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің мәселелері» 2014 жылғы 23 қыркүйектегі №1003 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 9 қыркүйектегі № 624 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің кейбір мәселелері туралы» 2023 жылғы 16 наурыздағы № 224 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталды.

«Кейбір республикалық заңды тұлғалардың атын өзгерту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 13 қыркүйектегі № 369-НҚ бұйрығына сәйкес Академияның атауы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» болып қайта аталды.

«Жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 шілдедегі № 648 Жарлығымен Академияға ерекше мәртебе берілді.

3. Академияның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

4. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ, оған байланысты мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

5. Академияның атауы:

толық:

мемлекеттік тілдегі атауы: Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі;

орыс тіліндегі атауы: республиканское государственное учреждение «Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова» Министерства культуры и информации Республики Казахстан;

қысқартылған түрі:

мемлекеттік тілде: «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ;

орыс тілінде: РГУ «Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова».

6. Академияның тұрған жері: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Панфилов көшесі, 127.

2-тарау. Академияның заңдық мәртебесі

7. Академияның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейпеленген және Академияның атауы жазылған мөрі болады.

8. Академия басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ, оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда.

9. Академия өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Академияда ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы тиісті бюджет қаражатымен субсидиялық жауапты болады.

10. Академияның азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

3-тарау. Академия қызметінің мәні мен мақсаттары

11. Академия қызметінің мәні:

1) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік және салауатты өмір сүру негіздерін қалыптастыру, дара тұлғаны дамыту үшін жағдайларды жасау арқылы зияткерлікті байыту;

2) тұратын орын ұсына отырып, дарынды балаларға білім беру мен тәрбиелеудің вариативтілігі мен көп деңгейлілігін қамтамасыз ететін жағдайлар жасау;

3) дарынды балаларға тұлғалық-бағдарлы білім беруді дамыту;

4) қоғамда өмір сүруге бейімделген, қосымша және кәсіптік білім беру бағдарламаларын саналы таңдауға және игеруге дайын, мәдени жағынан жоғары дамыған зияткерлі тұлғаны қалыптастыру;

5) оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметінің дағдылары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту;

6) білім алушылармен кәсіби бағдарлау жұмысын қамтамасыз ету;

7) кәсіптік білім берудің қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне уақытылы бейімделуіне ықпал ететін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану;

8) техникалық және кәсіптік білім беру жөніндегі білім беру бағдарламалары мен өндірісті интеграциялау;

9) ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде тұлғаның кәсіби қалыптасу мен дамуына бағытталған білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін қажетті жағдайларды жасау арқылы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау.

12. Академия қызметінің мақсаты көркем-эстетикалық бағыт бойынша (7-9 сыныптар) білім беруді іске асыратын интернаттық мекемесі бар негізгі орта (мамандандырылған мектеп-интернат) білім беру, техникалық және кәсіптік (колледж), жоғары (бакалавриат) және жоғары оқу орнынан кейінгі (магистратура және докторантура) білім беру, балалар мен ересектерге арналған қосымша білім беру, сондай-ақ, өнер саласындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді әртүрлі бағыттар бойынша жүргізу және үйлестіру қызметін жүзеге асыру болып табылады.

13. Академия мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) көркем-эстетикалық бағыт бойынша (7-9 сыныптар интернаттық мекемесі бар мамандандырылған мектеп-интернат) негізгі орта білім беру, техникалық және кәсіптік (колледж), жоғары (бакалавриат) және жоғары оқу орнынан кейінгі (магистратура және докторантура) білім берудегі кадрларды дайындау;

2) өнер, мәдениет және білім саласы, сондай-ақ, қоғамның әлеуметтік салаларының тиісті салалары үшін әртүрлі бағыттар бойынша ғылыми-педагогикалық және шығармашылық кадрлар даярлау;

3) кәсіптік білім беруді ұйымдастыру: тікелей Академиямен еңбек қатынастарында тұрған қызметкерлерді қоса алғанда, басшы кадрларды, педагогтарды, мамандар мен орта буын мамандарын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

4) қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыру;

5) постдокторлық бағдарламаларды іске асыру;

6) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлауды, сондай-ақ, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді қоса алғанда, ғылыми-техникалық, инновациялық қызметті, ғылыми-зерттеу жұмыстарын қамтиды;

7) спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

8) әртүрлі іс-шараларды: ғылыми, ғылыми-практикалық конференцияларды, симпозиумдарды, форумдарды, дөңгелек үстелдерді, семинарларды, көрмелерді, ғылыми студенттік жұмыстар конкурстарын, халықаралық және республикалық шығармашылық конкурстар мен фестивальдерді ұйымдастыру және өткізу;

14. Академияның күзіретіне жатады:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білім берудің жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

2) мамандандырылған мектеп-интернаттың, колледждің педагог жұмыскерлерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Академия жұмыскерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын айқындау;

3) профессорлық-оқытушылар құрамы лауазымдарына конкурстық орналасу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

4) білім беру қызметтерін көрсету шартының және кәсіптік практиканы өткізуге арналған шарттың нысандарын әзірлеу және бекіту;

5) дербес әзірленген оқу жүктемесі нормаларының, еңбекақы төлеу нысандары мен мөлшерлерінің негізінде білім беру қызметін жүзеге асыру;

6) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша Академияға қабылдау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

7) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының даму бағдарламасын әзірлеу;

8) білім алушыларға «бакалавр» және «магистр» дәрежелерін беру;

9) кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес білім алушыларды ауыстыру мен қайта қабылдау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

11) білім алушыларға дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындысының, әскери қызметке шақыру туралы шақыру қағазының негізінде, босануына, бала асырап алуына байланысты бала үш жасқа толғанға дейін академиялық демалыстар беру;

12) ішкі тәртіп қағидаларын әзірлеу және бекіту;

13) жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

14) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кредиттік оқыту технологиясын енгізу;

15) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу;

16) кадрлардың біліктілігін арттыру мен оларды қайта даярлауды қамтамасыз ету;

17) қаржылық-шаруашылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету, оның ішінде жабдықтармен жарактандыру;

18) кадрларды кәсіптік даярлаудың заманауи нысандарын енгізу;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржылық есептілікті ұсыну;

20) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мазмұнын тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан төмен болмайтындай етіп өзі дербес айқындау;

21) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор дәрежелерін тағайындау;

22) білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарды беру.

15. Академия:

1) ғылыми-педагогикалық әлеуетті, оқу-материалдық базаны және инновациялық білім беру технологияларын тиімді пайдаланудың негізінде әлемдік стандарттарға сәйкес келетін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің тұрақты жоғары деңгейіне кепілдік береді;

2) Академияның әрбір білім алушысының, оқытушысының және қызметкерінің жеке басының білім, рухани, мәдени және зияткерлік дамуы үшін барынша жағдайлармен қамтамасыз етеді;

3) Академияның оқу-әдістемелік базаны дамытуға, ғылыми қызметтің сапасын арттыруға бағытталған ғылыми, білім беру және өзге де көрсетілетін қызметтерден түсетін каражат пен кірістерді тиімді пайдалануды жүзеге асырады;

4) әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігінде білім берудің, ғылымның, техника мен технологиялардың дамуына жүйелі түрде мониторинг жүргізуге Академияның білім беру жүйесіне енгізу үшін ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді.

16. Академияға осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ, мәмілелер жасауға тыйым салынады.

17. Академияның қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында, не басшының (бұдан әрі – Ректор) жарғылық құзыретін бұза отырып жасалған мәміле тиісті саланың уәкілетті органының, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

18. Академия білім беру бағдарламалары топтарының келесі тізімін жүзеге асырады:

1) негізгі орта білім беру (мамандандырылған мектеп-интернат 7-9 сыныптар):

жалпы білім беру пәндері
бейіні бойынша арнайы пәндер: сурет, кескіндеме және мүсін
станоктық композиция, сәндік-қолданбалы композиция;

2) техникалық және кәсіптік білім беру (колледж):

кескіндеме, мүсін және графика

сәндік-қолданбалы өнер және халықтық кәсіпшілік

- графикалық және мультимедиялық дизайн
 интерьер дизайны
 киім дизайны
 актерлік өнер;
- 3) жоғары білім беру (бакалавриат):
 орындаушылық өнер
 режиссура, арт-менеджмент
 өнертану
 театр өнері
 хореография
 аудиовизуалды өнер және медиа өндіріс
 бейнелеу өнері
 сән, дизайн;
- 4) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (магистратура):
 дәстүрлі музыка өнері
 режиссура
 театр өнері
 эстрада өнері
 хореография
 аудиовизуалды өнер және медиа өндіріс
 бейнелеу өнері
 өнертану
 сән, дизайн
 арт-менеджмент;
- 5) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (докторантура):
 режиссура
 театр өнері
 эстрада өнері
 хореография
 бейнелеу өнері
 өнертану.

5-тарау. Академияға қабылдау тәртібі

19. Мамандандырылған мектеп-интернатқа тұлғаларды қабылдау және оқуға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17553 болып тіркелген) бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Колледжге тұлғаларды қабылдау және оқуға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17705 болып тіркелген) бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

21. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша тұлғаларды қабылдау және оқуға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17650 болып тіркелген) бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына және Академияның Ғылыми кеңесі бекітетін Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша Академияға қабылдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

22. Академияға оқуға келесі тұлғалар қабылданады:

1) мемлекеттік және орыс тілдерінде оқытатын жалпы білім беретін мектептің 6 сыныбын бітірген, бейнелеу өнері саласында айқын қабілеті бар және қабылдау емтихандарын тапсырған (мамандандырылған мектеп-интернат);

2) мемлекеттік және орыс тілдерінде оқытатын негізгі жалпы білім беретін және бастауыш көркемсурет немесе музыка мектебінің (колледж) 9-сыныбын бітіргендер;

3) орта білімі (жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік білім), орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі (бакалавриат, магистратура, докторантура) барлар.

23. Шетелдік азаматтар Академияға оқуға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қабылданады.

24. Білім алушыны қабылдау кезінде Академия танысу үшін оған және (немесе) оның ата-анасына (немесе өзге де заңды өкілдеріне) Академия Жарғысын, білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензияларды және қабылдау және Қызметті ұйымдастыру, сондай-ақ, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру тәртібін регламенттейтін басқа да құжаттарды ұсынады.

25. Академияға түсушілердің құжаттарын қабылдауды ұйымдастыру, түсу емтихандарын өткізу және білім алушылар құрамына қабылдау үшін Ректорының бұйрығымен қабылдау комиссиясы құрылады, оның негізгі міндеті барлық оқыту нысандарындағы білім алушылар контингентін қалыптастыру болып табылады.

26. Мамандандырылған мектеп-интернатқа қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады. Үміткерлердің шығармашылық және көркемдік әлеуетін анықтау үшін іріктеу турлары белгіленеді. Үміткерлерді конкурстық іріктеудің

мазмұны, өткізу нысаны, қабылдау тәртібі осы Жарғыға және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17553 болып тіркелген) бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Мамандандырылған мектеп-интернатқа конкурстық іріктеу өткізу үшін Ректорының бұйрығымен конкурстық комиссия құрылады.

Құжаттарды қабылдау туралы ақпарат Академияның интернет-ресурсында орналастырылады. Белгіленген мерзімнен кеш өтініш беру конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Конкурстық іріктеуді өткізу мерзімдері мен кестесін, талаптарын Ректор бекітеді және Академияның интернет-ресурсында орналастырылады. Конкурстық іріктеуді қайта тапсыруға жол берілмейді.

Конкурстық іріктеу нәтижелерімен келіспеген тұлға апелляцияға өтініш береді. Апелляциялық комиссияның құрамы Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

Конкурстық іріктеу қорытындылары Академияның интернет-ресурсында конкурстық іріктеу өткізілгеннен кейінгі келесі күннен кешіктірілмей орналастырылады.

Мамандандырылған мектеп-интернатқа түскендердің негізгі тізімін конкурстық комиссия жинақталатын сыныптар санына қарай қалыптастырады.

Үміткерлерді мамандандырылған мектеп-интернатқа оқуға қабылдау конкурстық комиссияның хаттамасымен ресімделеді. Үміткерлерді қабылдау максималды балл санынан басталады.

Мамандандырылған мектеп-интернатқа қабылданғаннан кейін балалардың немесе білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13227 болып тіркелген) бекітілген Орта білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартына сәйкес білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарттар жасалады.

Конкурстық комиссия кему тәртібімен жинаған баллдар сомасы бойынша негізгі бос орындарға кірмеген конкурсқа үміткерлер қатарынан (10 үміткерден артық емес) үміткерлердің резервтік тізімін қалыптастырады және Академияның интернет-ресурсында орналастырылады.

Резервтік тізімге енгізілген үміткерлер бос орындар болған жағдайда оқу жылы ішінде қабылдануы мүмкін. Бос орындардың болуы және саны туралы ақпарат Академияның интернет-ресурсында орналастырылады.

7-8 сыныптарда орындар босаған кезде мамандандырылған мектеп-интернат Ректордың бұйрығы негізінде конкурстық іріктеуді дербес жүргізеді.

Оқу процесінде білім алушылар негізгі орта білім және академиялық сурет, академиялық кескіндеме, мүсін, композиция, сәндік-қолданбалы өнер бойынша жалпы көркемдік білім алады. Оқыту бюджеттік негізде жүргізіледі. Шалғай облыстардан келгендер интернатпен қамтамасыз етіледі.

27. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Колледжге оқуға түсу кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында айқындалған адамдарды қабылдау квотасы көзделеді.

Оқуға түсуге арналған құжаттарды оқуға түсушінің жеке өзі немесе оның заңды өкілдері ұсынады.

Қабылдау квотасы көзделген колледжге оқуға түсетін тұлғалар санатты растайтын құжаттарды ұсынады.

Конкурс түсу емтихандарының нәтижелері бойынша алынған баллдар негізінде өткізіледі.

Түсу емтихандары бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі, талаптар Академияның ақпараттық стендтерінде және интернет-ресурсында орналастырылады.

Түсу емтихандарының нәтижелері Академияның ақпараттық стендтерінде немесе интернет-ресурсында түсу емтихандары өткізілген күні орналастырылады.

Түсу емтихандарын қайта тапсыруға жол берілмейді. Бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және түсу емтихандарының нәтижелерін бағалау кезінде даулы мәселелерді шешу, оқуға түсушілердің құқықтарын қорғау мақсатында Ректордың бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады. Түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген тұлға апелляцияға өтініш береді.

Колледжге қабылдау мамандықтар бойынша қабылдау комиссиясының ашық отырысында жүргізіледі. Оқуға түсушілерді қабылдау нәтижелері туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17705 болып тіркелген) бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларында көзделген мерзімдерге сәйкес Академияның ақпараттық стенділерінде немесе интернет-ресурсында орналастыру арқылы оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі.

Оқуға қабылданғаннан кейін баланың ата-аналарымен және (немесе) заңды өкілдерімен мемлекеттік тапсырыс негізінде және ақылы негізде білім беру қызметтерін көрсету шарты жасалады.

28. Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша тұлғаларды қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсу кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында айқындалған адамдарды қабылдау квотасы көзделеді.

Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім беру бағдарламасына талапкерлерге қойылатын бекітілген талаптарға сәйкес жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен жоғары білім берудің мемлекеттік білім беру тапсырысын алуға арналған конкурсқа қатысу және (немесе) ақылы оқуға қабылдау үшін орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар жіберіледі.

Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін адамдарды қабылдау ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) сертификатының балдарына және шығармашылық емтихандардың нәтижелеріне сәйкес конкурстық негізде өтініштер бойынша жүзеге асырылады.

29. Магистратураға, докторантураға тұлғаларды қабылдау, оның ішінде мақсатты даярлау бойынша кешенді тестілеу, түсу емтихандары және докторантураға түсушілердің эсселері нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган белгілейтін мерзімдерде жыл сайын өткізіледі.

6-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі

30. Академиядағы білім беру процесі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

31. Білім алушыларды оқыту күндізгі оқу нысаны бойынша жүзеге асырылады.

32. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту күндізгі оқыту және (немесе) онлайн-оқыту нысандарында жүзеге асырылады.

33. Қашықтықтан оқыту Академияда ғылым және жоғары білім саласындағы және білім беру саласындағы уәкілетті органдар айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген объектілерде) төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген, төтенше жағдайлар жарияланған жағдайларда жергілікті атқарушы органдар мен білім беру ұйымдары ғылым және жоғары білім саласындағы және білім беру саласындағы уәкілетті органдар айқындайтын тәртіппен барлық білім алушылар үшін қашықтықтан оқытуды енгізеді.

34. Оқыту тілдері Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес айқындалады.

35. Академия мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білуді және дамытуды, сондай-ақ, орыс тілі мен шет тілдерін оқып-үйренуді қамтамасыз етеді.

36. Академияның тәрбие қызметі білім алушылардың, оқытушылар мен қызметкерлердің бірлескен оқу, ғылыми, шығармашылық, өндірістік қызметінде іске асырылады.

37. Кадрлардың біліктілігін арттыру Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

38. Академияның білім беру қызметі Академияның академиялық саясаты негізінде жүзеге асырылып, білім алушылардың бағдарланған оқытуды іске асыруына және білім беру сапасын арттыруға бағытталған білім беру қызметін жоспарлау және басқару және оқу процесін тиімді ұйымдастыру жөніндегі шаралар, қағидалар мен рәсімдер жүйесін білдіреді.

39. Академиялық саясат Академия алдында тұрған басымдықтар мен міндеттерді ескере отырып, білім беру саласындағы қолданыстағы заңнама негізінде әзірленеді.

40. Академиялық саясаттың құрылымы мен бағыттарын Академия анықтайды.

41. Академиядағы оқу жылының басталу және аяқталу мерзімі академиялық күнтізбеге сәйкес анықталады.

42. Академия мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша академияны бітірген түлектердің жұмысқа орналасуына жәрдем көрсетеді.

7-тарау. Білімдерді ағымдағы бақылау, білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау жүйесін, оларды өткізудің нысандары және тәртібі

43. Негізгі орта, техникалық және кәсіби, жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын игеру бітірушілердің міндетті түрдегі мемлекеттік қорытынды аттестациясымен аяқталады.

44. Академия білім алушыларды аралық аттестаттаудың нысандарын, тәртібін және мерзімділігін дербес таңдай алады.

45. Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау модульдік білім беру бағдарламасына сәйкес әзірленген жұмыс оқу жоспары негізінде жасалған оқу сабақтарының бекітілген кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Ағымдық бақылау нысанын оқытушы жоспарланған нәтижелер мен оқыту әдістеріне байланысты пән бойынша дербес анықтайды.

46. Академияда білім алушыларды аралық аттестаттау емтихан тапсыру нысанында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының негізінде

әзірленген оқу жұмыс жоспарына, академиялық күнтізбеге және оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

47. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6976 болып тіркелген) бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларымен, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 77 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10921 болып тіркелген) бекітілген Мәдениет және өнер саласындағы білім беру ұйымдары қызметінің қағидаларымен және Академияның Ғылыми кеңесі бекітілетін Академияда білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау жүргізу туралы Ережесімен, Академияда білім алушылардың қорытынды аттестаттауын өткізу туралы Ережесімен реттеледі.

48. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың оқу жетістіктерін тексеру үшін Академия айқындайтын бақылау мен аттестаттаудың әртүрлі нысандары көзделеді.

49. Академияда білім алушыларды қорытынды аттестаттау академиялық күнтізбеде және жұмыс оқу жоспарларында көзделген мерзімдерде өткізіледі. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған нысандар бойынша өткізіледі.

50. Халықаралық білім беру кеңістігінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау нәтижелерін тануды қамтамасыз ету мақсатында білімді бағалау дәстүрлі бағалау шкаласына тиісті аудармасы бар баллдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша жүзеге асырылады.

51. Емтихан сессияларының кезеңділігі мен ұзақтығы Академияның Ғылыми кеңесі бекіткен мамандықтың оқу жұмыс жоспарына және академиялық күнтізбеге сәйкес айқындалады.

8-тарау. Білім алушыларды оқудан шығару негіздері және тәртібі

52. Білім алушы мамандандырылған мектеп-интернаттан шығарылуы мүмкін:

- 1) өз еркімен;
- 2) дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтама-қорытындысы негізінде денсаулық жағдайы бойынша;

- 3) басқа білім беру ұйымына ауысуына байланысты;
- 4) оқу жылы ішінде дәлелді себептерсіз 45 академиялық сағаттан артық жүйелі сабаққа қатыспағаны үшін;
- 5) негізгі орта білім алуды аяқтағаннан кейін (9-сынып);
- 6) мамандандырылған мектеп-интернат пен интернатта тұратындар оқу тәртібін, ішкі тәртіп қағидаларын бұзғаны үшін;
- 7) бейінді және/немесе жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгерім сапасының ең төмен деңгейі үшін;
- 8) тоқсан қорытындысы бойынша бір немесе одан да көп «қанағаттанарлықсыз» бағасы бар, бейіндік пәндер бойынша үш немесе одан көп «қанағаттанарлық» бағаларының болуы.

53. Осы Жарғының 53 тармағының 4), 5), 6), 7) тармақшалар бойынша оқудан шығаруға шешімді педагогикалық кеңес және Ректордың бұйрығымен құжаттарды беру арқылы қабылдайды.

54. Оқудан шығарылған білім алушылар тұрғылықты жеріне байланысты үш күн ішінде жалпы білім беретін мектептерге ауыстырылады.

55. Білім алушыларды сыныптан сыныпқа ауыстыру педагогикалық Кеңестің шешімі негізінде Ректордың бұйрығымен жүргізіледі.

56. Мамандандырылған мектеп-интернат бос орындарға қабылдаудың қосымша конкурстық турларын дербес белгілейді.

57. Білім алушы колледжден шығарылуы мүмкін:

- 1) өз еркімен;
- 2) дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтама-қорытындысы негізінде денсаулық жағдайы бойынша;
- 3) басқа білім беру ұйымына ауысуына байланысты;
- 4) академиялық үлгермеушілігі үшін;
- 5) оқу жылы ішінде дәлелді себептерсіз 45 академиялық сағаттан артық жүйелі сабаққа қатыспағаны үшін;
- 6) оқу тәртібін, ішкі тәртіп қағидаларын бұзғаны, аморальді теріс қылық жасағаны үшін;
- 7) ақылы негізде оқитын колледж студенттері оқу ақысын уақытылы төлемегені үшін;
- 8) аралық аттестаттау нәтижелері бойынша үштен артық «қанағаттанарлықсыз» деген бағасы бар білім алушылар білім беру саласындағы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес белгіленген үлгідегі анықтама бере отырып, педагогикалық кеңестің шешімі бойынша Ректордың бұйрығымен колледжден шығарылады.

58. Білім алушы Академиядан шығарылуы мүмкін:

- 1) академиялық үлгермегені үшін;
- 2) академиялық адалдық принциптерін бұзғаны үшін;
- 3) Академияның оқу тәртібін, осы Жарғының және Ішкі тәртіп қағидаларын бұзғаны үшін;

- 4) білім беру қызметтерін көрсету шартының талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде оқу құнын уақытылы төлемегені үшін;
- 5) өз қалауы бойынша;
- 6) дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтама-қорытындысы негізінде денсаулық жағдайы бойынша;
- 7) шартты қабылдау кезінде ҰБТ-ның шекті балынан өтпегені үшін;
- 8) басқа білім беру ұйымына ауысуына байланысты.

9-тарау. Ақылы қызмет көрсетудің тізбесі және тәртібі

59. Академия жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша, сондай-ақ, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін білім беру қызметтерінің көлемінен тыс ақылы негізде білім беру қызметтерін ұсынуға құқылы.

60. Академия ақылы қызметтер көрсету туралы шарт жасай отырып, ақылы негізде білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарынан тыс мынадай тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ұсынуға құқылы:

- 1) мәдениет және өнер саласындағы қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру, мамандардың біліктілігін арттыру;
- 2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;
- 3) пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуді ұйымдастыру;
- 4) білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер мен ересек жұртшылық арасында әртүрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;
- 5) музыка аспаптарын пайдалануға беру және Интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсыну;
- 6) жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, білім беру ұйымдарында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз ету;
- 7) кәсіптік білім беруді ұйымдастыру (білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру);
- 8) оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибе учаскелерінің өнімдерін өндіру мен өткізуді ұйымдастыру бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) беру;

9) ғылыми зерттеулерді жүргізу;

10) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 25 мамырдағы № 215 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5702 болып тіркелген) бекітілген республикалық немесе жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің оларды өткізуден түсетін ақшасы өзінің иелігінде қалатын тауарларының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) тізбесінің Сыныптауышында көзделген көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін.

61. Академияда білім алушы мен оның ата-анасының және/немесе өзге де заңды өкілдерімен ақылы білім беру қызметтерін іске асыруға байланысты өзара қарым-қатынастары оқыту нысанын, тәртібі мен мерзімдерін, оқу ақысының мөлшерін және өзге де шарттарды айқындайтын ақылы білім беру қызметтерін көрсету шартымен реттеледі.

10-тарау. Академияның білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі

62. Академиядағы білім алушылардың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, осы Жарғымен және Академияның Ішкі тәртіп қағидаларымен, білім алушылар үшін ақылы немесе өтеусіз білім беру қызметтерін көрсету шартымен айқындалады.

63. Академияда білім алушы мен оның ата-анасының және/немесе өзге де заңды өкілдерінің өзара қарым-қатынастары білім беру қызметтерін көрсету шартымен реттеледі.

64. Білім алушыларға міндеттерін бұзғаны үшін оларға Ішкі тәртіп қағидаларында және Академия жарғысында көзделген тәртіптік ықпал ету шаралары не білім беру қызметтерін көрсету шартында көзделген өзге де шаралар қолданылуы мүмкін.

65. Білім алушылардың ата-аналарына және/немесе өзге де заңды өкілдеріне білім беру процесінің барысымен және мазмұнымен, сондай-ақ, білім алушылардың үлгерім бағаларымен танысу мүмкіндігі беріледі.

11-тарау. Академияны басқару

66. Академияны жалпы басқаруды заңнамасына сәйкес айқындалған тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

67. Тиісті саланың уәкілетті органы заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Академияға мүлікті бекітіп береді;
- 2) Академияның жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 3) Академия мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

4) Академияның жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

5) Академияның басқару органдарының құрылымын, құрылу тәртібі мен өкілеттік мерзімін, Академияның шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

6) Ректорының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

7) Академияның шекті штаттық санын бекітеді;

8) Ректорының ұсынымы бойынша Академия проректорын (проректорларын) лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

9) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;

10) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға, Академияға берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

11) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша Академияны қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

12) осы жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

68. Ректоры Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

69. Ректоры Академияның жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және Академияға жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

70. Ректоры дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және Академия қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

71. Ректорының Академиямен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

72. Академияның қызметті жүзеге асыруы барысында Ректоры Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Академия атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;

3) шарттар жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) Академияның іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және

қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) тиісті саланың уәкілетті органы тағайындайтын қызметкерлерден басқа Академия қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) Академия қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу және жазалау шараларын қолданады;

10) проректордың (проректорлардың) және Академияның өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;

11) Академияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануына дербес жауапты болады;

12) Академияның штаттық кестесін бекітеді;

13) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органы жүктеген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

73. Ректоры жыл сайын Стратегиялық жоспар және даму жоспары бойынша тиісті саланың уәкілетті органы алдында есеп береді, сондай-ақ, оқу жылы аяқталғаннан кейін Академияның оқу, ғылыми-зерттеу және қаржылық қызметі мәселелері бойынша жұртшылықпен есеп беру кездесулерін өткізеді.

74. Академияның басқарудың алқалық органы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 22 қарашадағы № 574 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5038 болып тіркелген) бекітілген Жоғары оқу орнының Ғылыми Кеңесі қызметінің үлгі ережесін және оны сайлау тәртібі және Ректор бекітілетін Ереже негізінде әрекет ететін Ғылыми Кеңес болып табылады.

75. Ғылыми кеңесінің құрамына Ректор, проректорлар, құрылымдық бөлімшелер басшылары, Академияның профессорлық-оқытушылық құрамы, Академияның студенттік қоғамдық ұйымдарының өкілдері, көрнекті ғалымдар кіреді. Ғылыми кеңестің құрамы Ректордың бұйрығымен бекітіледі. Ғылыми кеңестің төрағасы Ректор болып табылады.

76. Академияның Ғылыми кеңесінің құзыретіне:

1) Академияның құрылымын бекіту;

2) Академияның Жарғысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу;

3) Академияның бөлімшелерін құру, қайта ұйымдастыру және тарату;

4) Академияның даму тұжырымдамасын айқындау;

5) Академияның оқу-тәрбиелік, ғылыми-зерттеу және шаруашылық қызметтерін ұйымдастырудағы барлық негізгі болып келетін мәселелерді шешу;

6) Ректордың, проректорлардың, құрылымдық бөлімшелер басшыларының және оқу, ғылыми-зерттеу, тәрбие, қаржы, шаруашылық, ақпарат, халықаралық және басқа да қызмет түрлерін жүргізудегі бағыттары, нысандары және әдістері туралы жыл сайынғы есебін тыңдау;

7) оқу-әдістемелік әзірлемелерді және оқу құралдарын, оқулықтарды шығаруды ұсыну және қарастыру;

8) ақылы негізде оқитын студенттерді білім беру гранттарына және оқытудың экстернат нысанына ауыстыру туралы шешім қабылдау;

9) докторанттардың диссертациялық зерттеулері бойынша және магистранттардың ғылыми жетекші-кеңесшілерін және тақырыптарын бекіту;

10) Академияның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды ұйымдастыру;

11) бюджеттен тыс қаражаттарды пайдалану тәртібін, сондай-ақ, Академияда ақылы білім беру және өндірілген өнімдерді тарату жолымен алынған реинвестициялық кірістердің бағыттарын анықтау;

12) атаулы степендиялар мен сыйақыларды тағайындау және бекіту;

13) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға Академия қызметкерлеріне ғылыми атақтар беру туралы қолдау хат;

14) Академия қызметкерлерін үкіметтік наградаларға және құрметті атақтарға ұсыну туралы мәселелерді қарау;

15) алқалық шешімді талап ететін Академияның ағымдық қызметінің өзге де мәселелерін қарау.

77. Академияның Ғылыми кеңесі, егер отырысқа оның мүшелерінің кемінде 2/3-і қатысса, шешім қабылдауға құқылы. Ғылыми кеңестің шешімдері Ғылыми кеңестің қатысып отырған мүшелерінің көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Ғылыми кеңес мүшелерінің шешімі бойынша жекелеген мәселелер бойынша шешім жасырын дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Ректор Академияның Ғылыми кеңесінің шешімімен келіспеген жағдайда мәселе тиісті саланың уәкілетті органның қарастыруына беріледі. Ғылыми кеңестің шешімдері Ғылыми кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

78. Академияның Қамқоршылық кеңесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15584 болып тіркелген) бекітілген Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына сәйкес тиісті саланың уәкілетті органының бұйрығы негізінде құрылады.

12-тарау. Академия мүлкінің құрылу тәртібі

79. Академия мүлкін құны оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Академияның мүлкі мыналардың:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

80. Академия дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

81. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен Академияға кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 161-бабының 2-тармағында көзделген салаларында Академия өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

82. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, Академияның қызметі тиісті саланың уәкілетті органы бюджетінен қаржыландырады.

83. Академия бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

84. Академияның қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

13-тарау. Академиядағы жұмыс тәртібі

85. Академияның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

14-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

86. Академияның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тиісті саланың уәкілетті органының шешімі бойынша жүзеге асырылады, және «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес аймақты тіркеу органдарында тіркеледі.

15-тарау. Академияны қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

87. Академияны қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүргізіледі.

88. Академия заңнамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

89. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, Академияны қайта ұйымдастыруды және таратуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

90. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Академия мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

91. Таратылған Академияның мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, Академия кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

92. Білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензия тоқтатыла тұрған, қайтарып алынған және одан айырылған немесе Академия таратылған жағдайда білім алушыларды оқуын жалғастыру үшін басқа білім беру ұйымдарына ауыстыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Ректордың уақытша
міндетін атқарушы



Ш.Ергобек

